

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 388 қаулысына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 16 ақпандағы N 49. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 2 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1809. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.08.2016 № 203 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ҚР МЖ 06 ИСО 3166. - 2001 "Елдер атауы және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерін белгілеу үшін кодтар" және ҚР МЖ 07 ИСО 4217 2001 - "Валюта мен қорларды белгілеу үшін кодтар" - Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушілерін пайдалану қажеттігіне, сондай-ақ өткізілетін төлемдер жөніндегі мәліметтерді жүйелеуді жетілдіруге байланысты, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 388 V991011_ қаулысымен бекітілген:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесіне (бұдан әрі - Ереже) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1) 2-тармақтың екінші бөлігі алынып тасталсын;
- 2) 3-тармақтың 8), 9) және 10) тармақшалары алынып тасталсын;
- 3) 8-тармақтағы "ақпарат беру жүйесінде пайдаланылған Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның (ISO) стандарттарына" деген сөздер "ҚР МЖ 07 ИСО 4217 - 2001 "Валюта мен қорларды белгілеу үшін кодтар" - Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушілеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 4) 16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Банк және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар осы Ереженің талаптарын бұза отырып толтырылған төлем құжатын акцептеуден бас тартуға міндетті.";

5) мынадай мазмұндағы 18-2-тармақпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ТББЖ кодтарына қатысты жүргізілетін төлемдер жөніндегі мәліметтерді "Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорын, екінші деңгейдегі банктер "Казпочта" ашық акционерлік қоғамы, клиринг ұйымдары, "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" жабық акционерлік қоғамы береді және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес

қалыптастырады.";

6) N 2 қосымшаға:

төлем белгілеу кодтары кестесіндегі:

"0 - Зейнетақы төлемдері және жәрдемақылар" бөлімі "Жергілікті бюджеттерден трансферттер" - 029 кодымен толықтырылсын;

"1 - Ерекше аударымдар" бөліміндегі 130, 140, 170, 180 кодтарының атауы ауыстырылсын және мынадай атаулары бар 131, 132, 171, 172, 181, 182 кодтармен толықтырылсын:

130	- Филиалдар мен өкілдіктерді қаржыландыру
131	Филиалдар мен өкілдіктерді қаржыландыру
132	Филиалдар мен өкілдіктердің қаражатты қайтаруы
140	Төлем карточкаларын пайдаланып төлем жасау
170	- Конференцияларға, аукционға, тендерге қатысу
171	Кепілдік жарна
172	Кепілдік жарнаны қайтару
180	- Құжаттамалық операциялар
181	Аккредитивтер бойынша операциялар
182	Кепілдіктер бойынша операциялар

"2 - Шетел валютасымен және қымбат металдармен операциялар" бөліміндегі:

"Теңгеге шетел валютасы" 211, 221 кодтарының атауы "Биржадағы теңгеге шетел валютасы" деп жазылсын;

"Биржадан тыс шетел валютасы" 213, 223 кодтарымен толықтырылсын;

"4 - Кредиттер" бөліміндегі:

"кредиттер", "кредиттердің" деген сөздер "заемдар", "заемдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"9 - Бюджетке төлемдер және бюджеттен төлеу" бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

- 9 - Бюджетке төлемдер және бюджеттен төлеу
- 910 - Бюджет алдындағы міндеттемелер
- 911 Декларациялар, есептер
- 912 Өткен жылдардағы мерзімінде жасалмаған төлемдерді өтеу
- 913 Тексеру (қайта тексеру) актілері бойынша
- 914 Банкроттық рәсімдерді өткізу кезеңінде
- 919 Басқалары
- 920 - Арнайы салық режимдері
- 921 Біржолғы талон негізінде шағын бизнес субъектілерінің
- 922 Патент негізінде шағын бизнес субъектілерінің
- 923 Жеңілдетілген декларация негізінде шағын бизнес субъектілерінің
- 924 Шаруа (фермер) қожалықтары үшін
- 925 Заңды тұлғалар - ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін
- 926 Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін
- 929 Басқалары
- 930 - Салық санкциялары және айыппұлдар
- 931 Салық заңдарын бұзғаны үшін
- 932 Тексеру (қайта тексеру) актілері бойынша
- 939 Басқалары
- 940 - Салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің қайтарылуы, аударылуы
- 941 Артық төленген сомаларды банктік есепшотқа қайтару
- 942 Қосылған құн салығын экспортерлерге банктік есепшотқа қайтару
- 943 Бюджеттік жіктеушінің бір кодынан екінші кодына ауыстыру
- 944 Сот органдарының шешімдері бойынша салық органдарының заңсыз іс-әрекетінен болған шығындардың орнын толтыру
- 945 Сот органдарының шешімдері бойынша салықтарды (төлемдерді) қайтару
- 949 Басқалары

Төлемдер белгілеу кодтары кестесінің ескертуіндегі:

1 - "Арнайы аударымдар" бөлімі:

мынадай мазмұндағы алтыншы азатжолмен толықтырылсын:

"Төлем карточкалары пайдаланылатын төлемдер - сауда терминалдары арқылы жүзеге асырылатын тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер."; алтыншы, жетінші және сегізінші азатжолдар тиісінше жетінші, сегізінші және тоғызыншы азатжолдар болып саналсын;
ж е т і н ш і а з а т ж о л д а ғ ы :

"шетелдік банктер Қазақстан банкіне олар арқылы төлемдерді жүзеге асырған кезде" деген сөздер және "шет елден алынған" деген сөздер алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Мұндай код сондай-ақ қазақстандық банк делдал банк болған жағдайда бір шетелдік банктен екінші шетелдік банкке ақша аударған кезде қойылады."; сегізінші азатжолдағы "клирингтік ұйымдардың таза позицияларды есеп айырысу ұйымдарына аударуы" деген сөздер "үстеме төлемдер есебінің нәтижелері бойынша таза позициялардың сомасын аудару" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай редакциядағы оныншы және он бірінші азатжолдармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Аккредитив бойынша операция - эмитент банктің бұйрық беруші клиенттің есепшотынан осы банктің есепшотына аккредитив бойынша міндеттемелерді қамтамасыз етуге (орнын жабуға) ақша сомасын аударуы, бұған аккредитивтерді орындағаны үшін сыйақы сомасын аудару кірмейді. Аккредитивтер бойынша операцияларды жүзеге асырған кезде эмитент банктің бенефициардың есепшотына ақша аударуы төлемнің мақсатына қарай кодталады.

Кепілдік бойынша операция - гарант банк клиент алдындағы кепілдік міндеттемелерін орындаған жағдайда борышкер банктің гарант банкке ақша аударуы. Кепілдік жағдай болған кезде гарант банктің клиентке ақша аударуы төлемнің мақсатына қарай кодталады.";

3 - "Депозиттер" бөліміндегі:

екінші азатжолдағы соңғы сөйлем екінші сөйлем болып есептелсін;
үшінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"Талап ету бойынша берілетін депозиттерге банктердің және олардың клиенттерінің банктік есепшоттарындағы (оның ішінде карт-есепшоттарындағы) ақшасы кіреді, оған шартты және мерзімді жинақ есепшоттарындағы ақша к і р м е й д і . " ;

4 - "Кредиттер" бөліміндегі барлық септіктегі "кредит" деген сөз тиісті септіктегі "заем" деген сөзбен ауыстырылсын;

5, 6 - "Бағалы қағаздар" бөлімі мынадай редакциядағы үшінші азатжолмен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Резидент емеске бағалы қағаздарды сату кодын мәмілеге қатысушы резидент

осы бағалы қағаздарды резидент еместің сатып алуы ретінде белгілейді.";

"7 - Тауарлар және материалдық емес активтер бөліміндегі: төртінші азатжолдағы "жартылай фабрикаттар және жинақтаушы бұйымдар," деген сөздерден кейін "химиялық және медициналық дәрі-дәрмектер," деген сөздер мен толықтырылсын;

9 - "Бюджетке төлемдер және бюджеттен төлеу" бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл бөлімге мемлекеттік бюджетке төлемдер және мемлекеттік бюджеттен төлемдерді қайтару (зейнетақы мен жәрдемақылардан басқасы) кіреді.

Бюджет алдындағы міндеттемелер:

декларациялар, есептер - бұл код салық есебінің негізінде ағымдағы жылдың төлеу мерзімінің басталуы бойынша бюджетке салықтар және басқа төлемдер аударған кезде қойылады. Оған арнайы салық режимдері қолданылған кезде ұсынылған декларациялар, есептер жатпайды;

өткен жылдарда мерзімінде жасалмаған төлемдерді өтеу - өткен кезеңдер үшін салықтар мен төлемдер бойынша негізгі берешекті (мерзімінде жасалмаған төлемдерді) (өсімпұлдар мен санкцияларды қоспағанда) бюджетке аударған кезде;

тексеру (қайта тексеру) актілері бойынша - салық сомасын және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеген кезде салықтық тексеру (қайта тексеру) нәтижелері бойынша есептелген салық сомасы және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы хабарлама негізінде төлеуге ұсынылған салықтардың сомасын және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді (өсімпұлдар мен айыппұл санкцияларын қоспағанда) аударған кезде;

банкроттық рәсімдерді өткізу кезеңінде - банкроттық рәсімдерді өткізу кезеңінде салықтардың сомасын және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді (өсімпұлдар мен айыппұл санкцияларын қоспағанда) аударған кезде қолданылады.

Арнайы салық режимдері шағын бизнес субъектілерінен, жеке кәсіпкерлерден, шаруа (фермер) қожалықтарынан, ауылшаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалардан бюджетке түскен түсімдерді (өсімпұлдар мен айыппұл санкцияларын қоспағанда) талдау және басқару мақсатында қолданылады.

Салық санкциялары және өсімпұлдар - салық төлеушілердің барлық санаттары бойынша бюджетке салық санкцияларын және өсімпұлдарды аудару.

Салық сомаларын және басқа міндетті төлемдерді қайтару, аудару: артық төленген сомаларды банктік есепшотқа қайтару - бұл код салықтарды және бюджеттен төленетін басқа да міндетті төлемдерді салық заңдарына сәйкес қайтарған кезде қойылады;

қосылған құнға салықты экспортерлерге банктік есепшотқа қайтару
экспортерлерге банктік есепшотқа нөлдік ставка бойынша қосылған құнға салық
с о м а с ы н қ а й т а р ғ а н к е з д е ;

бюджеттік жіктеушінің бір кодынан екінші кодына ауыстыру - салық төлеуші
салықтар мен төлемдер сомасын қателесіп есептеген, аударған кезде салық
заңдарына сәйкес бюджеттік жіктеушінің бір кодынан екінші кодына ауыстыру;

сот органдарының шешімдері бойынша салық органдарының заңсыз
іс-әрекетінен болған шығындардың орнын толтыру - бюджеттің шығыс
бөлігіндегі бекітілген смета бойынша салық органдарының заңсыз іс-әрекетінен
болған шығындардың орнын республикалық бюджеттен толтырған кезде;

сот органдарының шешімдері бойынша салықтарды (төлемдерді) қайтару -
салық органдары сот органдарының шешімдері бойынша мемлекеттік бюджеттен
салықтарды (төлемдерді) қайтарған кезде қойылады.

Басқалары - осы бөлімнің әрбір тобында тиісті топта көзделген мазмұны
жағынан сай келмейтін операциялар бойынша төлемдердің белгіленуі көрсетіледі

"

;

7) Ережеге N 3 қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасының Ұлттық

Банкі Басқармасының 1999 жылғы
N 388 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
мемлекеттік жіктеуішін - төлем
белгілеудің бірыңғай жіктеуішін
қолдану ережесіне
3-қосымша

Кім ұсынып отыр _____
(атауы)

20__ жылғы _____ төлемдер бойынша
(е с е п т і к е з е ң)

МӘЛІМЕТТЕР

(бұдан әрі - Мәліметтер)

Ақ. |Алушы |Бенефи.|Тө. |Ақша жіберуші|Бенефициар| Толық көрсету
па. |банк. |циар |лем |_____|_____|_____
рат.|тің |банктің|бел.|Рези.|Эконо. |Рези.|Эко.|Төлем |Есеп.|Тө. |Тө.|Ел
тың |ББК, |ББК, |гісі|дент.|мика |дент.|но. |белгі.|ті |лем |лем|
алы.|алушы |бенефи.| |тік |секто. тік |мика|леу |ке. |нің |ва.|
ну |банк |циар | |белгі| ры |белгі|сек.|коды |зең. |сома.|лю.|
көзі|клиен.|банк | | | | |то. | |дегі |сы |та.|
тінің	клиен.					ры		тө.	(мың)	сы
ЖБК	тінің						лем.			
	ЖБК						дер			
							саны			

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13

БАСШЫ _____

БАС БУХГАЛТЕР _____

Ескерту:

1. Мәліметтер "Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі - Орталық) белгілеген беру форматтарымен электронды түрде ұсынылады.

2. Мәліметтерді уақытылы ұсыну жауапкершілігі басшыға жүктеледі.

Мәліметтерді толтыру тәртібі

1. Ақша аударымының банкаралық жүйесі арқылы өткізілген төлемдер бойынша Орталықтың мәліметтерді (бұдан әрі - Орталықтың мәліметтері) т о л т ы р у т ә р т і б і :

Орталық Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ақша аударымының банкаралық жүйесі (бұдан әрі - ААБЖ) арқылы өткізілген төлемдер жөніндегі мәліметтерді - өткен операциялық күнгі ақпаратты күн сайын және айлық ақпаратты есепті кезеңнен кейінгі айдың 7-не дейін ай сайын ұсынып отырады.

Орталықтың мәліметтері 13 бағаннан тұрады, оған төлем жөніндегі мынадай а қ п а р а т к і р е д і :

1-баған - ақпарат алу көзі. Мұнда алынатын ақпарат көзі көрсетіледі және оған Орталықтың мәліметтері бойынша 01 саны қойылады;

2-баған - алушы банктің банктік бірегейлендірілген коды (ББК), Алушы банк клиентінің жеке бірегейлендірілген коды (ЖБК). Егер төлем құжатында көрсетілген ББК және ЖБК бірге алғанда Орталықтың ААБЖ-ін жеке пайдаланушысымен бірегей болса, бағанда деректемелердің екеуі де көрсетіледі. Егер төлем құжатында көрсетілген ББК және ЖБК бірге алғанда Орталықтың ААБЖ-ін жеке пайдаланушысымен бірегей болмаса, бағанда тек қана ББК к ө р с е т і л е д і ;

3-баған - бенефициар банктің банктік бірегейлендірілген коды (ББК), Бенефициар банк клиентінің жеке бірегейлендірілген коды (ЖБК). 2-баған с и я қ т ы т о л т ы р ы л а д ы ;

4 - баған - толтырылмайды ;

5-баған - ақша жіберушінің резиденттік белгісі;

6-баған - ақша жіберушінің экономика секторының коды;

7-баған - бенефициардың резиденттік белгісі;

8-баған - бенефициардың экономика секторының коды;

9-баған - төлем белгілеу коды;

10-баған - есепті кезеңдегі төлемдердің саны. Бастапқы кездегі мәні 0 болады. Бір төлемді көрсеткен кезде бағанның мәні 1 болады. 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9-бағандардағы бұрыннан бар өлшемдер жаңа төлеммен сәйкес келген жағдайда, осы бағандағы мәні 1-ге ұлғайтылады, ал 11-бағандағы мәні жаңа төлемнің с о м а с ы н а ұ л ғ а й т ы л а д ы ;

11-баған - төлемнің сомасы мың теңгемен, үтірден кейін бір белгі;

12 - баған - толтырылмайды ;

13 - баған - толтырылмайды .

2. Екінші деңгейдегі банктердің, "Казпочта" ашық акционерлік қоғамының

Мәліметтерді толтыру тәртібі (бұдан әрі - банктердің мәліметтері):
екінші деңгейдегі банктер, "Казпочта" ААҚ Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкіне мәліметтерді есепті кезеңнен кейінгі айдың 7-не дейін ай сайын
б е р і п о т ы р а д ы ;

банктердің мәліметтеріне Қазақстан Республикасының аумағында
жүргізілетін (сондай-ақ Қазақстанға және Қазақстаннан жіберілетін), оның
ішінде банктік есепшот ашпай жүргізілетін төлемдер жөніндегі ақпарат кіреді;
б а н к т е р д і ң м ә л і м е т т е р і :

- 1) шетелдік банктердің Ностро және Лоро корреспонденттік есепшоттары бойынша банкаралық төлемдері жөнінде, оның ішінде "Казпочта" ААҚ жүзеге асыратын аударымдық почта операциялары бойынша;
- 2) банк пен оның клиенті арасында немесе осы банктің екі түрлі клиенттері арасында жүзеге асырылатын төлемдер бойынша, оның ішінде "Казпочта" ААҚ жүзеге асыратын аударымдық почта операциялары бойынша жасалады;

банктердің мәліметтері 13 бағаннан тұрады, оған төлем бойынша мынадай ақпарат кіреді:

1-баған - ақпарат алу көзі. Мұнда алынатын ақпарат көзі көрсетіледі және оған банктердің мәліметтері бойынша 02 саны қойылады;

2-баған - алушы банктің (бас банктің) ББК қойылады;

3-баған - бенефициар банктің (бас банктің) ББК қойылады.

Халықаралық төлемдерді жүзеге асырған кезде шетелдік банктің ББК (2-баған немесе 3-баған) тиісті ақпарат болғанда толтырылады;

4-баған - Төлем белгісі (есеп беруші банк үшін). Бұл баған мынадай түрде толтырылады:

01 - Қазақстанның банктері арасындағы тікелей корреспонденттік есепшоттар бойынша төлем;

02 - есеп беруші банктен шет елдердегі банктерге жіберілген тікелей корреспонденттік есепшоттар бойынша төлем;

03 - шет елдердегі банктерден есеп беруші банк алған тікелей корреспонденттік есепшоттар бойынша төлем;

04 - банк пен оның клиенті арасында немесе осы банктің жүйесіндегі екі түрлі клиенттер арасында жүзеге асырылатын төлем. Мұндай жағдайда есеп беруші банк әрі алушы банк, сонымен қатар әрі бенефициар банк болып табылады;

5-баған - ақша жіберушінің резиденттік белгісі;

6-баған - ақша жіберушінің экономика секторының коды;

7-баған - бенефициардың резиденттік белгісі;

8-баған - бенефициардың экономика секторының коды;

9-баған - төлем белгілеу коды.

Тікелей корреспонденттік есепшоттар бойынша келіп түскен халықаралық төлемдерді көрсеткен кезде 5, 6, 9-бағандарды төлемді жіберген корреспондент банктің тапсырмасы және/немесе төлем жасау үшін негіз болатын басқа да (төлемдік емес) құжаттар негізінде есеп беруші банк толтырады;

10-баған - есепті кезеңдегі төлемдердің саны. Бастапқы кездегі мәні 0 болады. Бір төлемді көрсеткен кезде бағанның мәні 1 болады. 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 12, 13-бағандардағы бұрыннан бар өлшемдер жаңа төлеммен сәйкес келген жағдайда, осы бағандағы мәні 1-ге ұлғайтылады, ал 11-бағандағы мәні жаңа төлемнің с о м а с ы н а ұ л ғ а й т ы л а д ы ;

11-баған - төлемнің сомасы мың теңгемен, үтірден кейін бір белгі;

12-баған - төлем валютасының коды. ҚР МЖ 07 ИСО 4217 - 2001 "Валюта мен қорларды белгілеу үшін кодтар" Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіштеріне сәйкес белгіленеді;

13-баған - ел. ҚР МЖ 06 ИСО 3166.1 - 2001 "Елдер атауы және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерін белгілеу үшін кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушілеріне сәйкес толтырылады. Есеп беруші банктен шет елдердегі банктерге жіберілген тікелей корреспонденттік есепшоттар бойынша төлемдер үшін - бенефициар банктің елінің коды; есеп беруші банктің шет елдердегі банктерден алған тікелей корреспонденттік есепшоттар бойынша төлемдер үшін - ақша жіберуші банктің елінің коды, Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын төлемдер үшін - Қазақстан Республикасының коды - KZ қойылады.

Төлем карточкаларын пайдалана отырып шет елдерде жүргізілетін операцияларды көрсеткен кезде, ел осы карточкалардың бас офисінің тұрған жері бойынша қойылады. Төлем карточкаларын пайдалана отырып Қазақстан аумағында жүргізілетін операцияларды көрсеткен кезде, ел KZ деп қойылады.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Мәліметтерді толтыру тәртібі (бұдан әрі - Ұлттық Банктің мәліметтері):

Ұлттық Банктің мәліметтері жалпы алғанда Ұлттық Банктің барлық жүйесі бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 7-не дейін ай сайын қалыптастырылады;

Ұлттық Банктің мәліметтері Қазақстан Республикасының аумағында (сондай-ақ Қазақстанға және Қазақстаннан жіберілетін) Ұлттық Банк жүргізетін төлемдер мен аударымдарды көрсетуге арналған;

Ұлттық Банктің мәліметтері:

1) шетелдік банктердің Ностро және Лоро корреспонденттік есепшоттары бойынша банкаралық төлемдері бойынша;

2) банк пен оның клиенті арасында немесе осы банктің екі түрлі клиенттері арасында жүзеге асырылатын төлемдер бойынша жасалады.

Ұлттық Банктің мәліметтері 13 бағаннан тұрады, оған төлем жөніндегі мынадай ақпарат кіреді:

1-баған - ақпарат алу көзі. Мұнда алынатын ақпарат көзі көрсетіледі және оған Ұлттық Банктің мәліметтері бойынша 03 саны қойылады;

2-баған - алушы банктің банктік бірегейлендірілген коды (ББК), алушы банктің клиентінің жеке бірегейлендірілген коды (ЖБК). Төлем немесе ақша аударымы өткізілген корреспонденттік есепшот бойынша алушы банктің БИК және банктің/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ЖБК қойылады;

3-баған - бенефициар банктің банктік бірегейлендірілген коды (ББК), Бенефициар банктің клиентінің жеке бірегейлендірілген коды (ЖБК) 2-баған сияқты толтырылады.

Халықаралық төлемдерді жүзеге асыратын кезде шетелдік банктің ББК (2-баған немесе 3-баған) тиісті ақпарат болғанда толтырылады;

4-баған - төлем белгісі. Бұл баған мынадай түрде толтырылады:

02 - Ұлттық Банктен шет елдердегі банктерге жіберілген тікелей корреспонденттік есепшоттар бойынша төлем;

03 - шет елдердегі банктерден Ұлттық Банк алған тікелей корреспонденттік есепшоттар бойынша төлем;

04 - Ұлттық Банк пен оның клиенті арасында немесе Ұлттық Банктің жүйесіндегі екі түрлі клиенттер арасында жүзеге асырылатын төлем. Мұндай жағдайда Ұлттық Банк әрі алушы банк, сонымен қатар әрі бенефициар банк болып табылады;

5-баған - ақша жіберушінің резиденттік белгісі;

6-баған - ақша жіберушінің экономика секторының коды;

7-баған - бенефициардың резиденттік белгісі;

8-баған - бенефициардың экономика секторының коды;

9-баған - төлем белгілеу коды.

Тікелей корреспонденттік есепшоттар бойынша келіп түскен халықаралық төлемдерді көрсеткен кезде 5, 6, 9-бағандарды төлемді жіберген корреспондент банктің тапсырмасы және/немесе төлем жасау үшін негіз болатын басқа да (төлемдік емес) құжаттар негізінде Ұлттық Банк толтырады;

10-баған - есепті кезеңдегі төлемдердің саны. Бастапқы кездегі мәні 0 болады. Бір төлемді көрсеткен кезде бағанның мәні 1 болады. 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 12, 13-бағандардағы бұрыннан бар өлшемдер жаңа төлеммен сәйкес келген жағдайда, осы бағандағы мәні 1-ге ұлғайтылады, ал 11-бағандағы мәні жаңа төлемнің сомасына ұлғайтылады;

11-баған - төлемнің сомасы мың теңгемен, үтірден кейін бір белгі;
12-баған - төлем валютасының коды. ҚР МЖ 07 ИСО 4217 - 2001 "Валюта мен қорларды белгілеу үшін кодтар" Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіштеріне сәйкес белгіленеді;

13-баған - ел - ҚР МЖ 06 ИСО 3166.1 - 2001 "Елдер атауы және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерін белгілеу үшін кодтар. I бөлім. Елдер кодтары" Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіштеріне сәйкес толтырылады. Есеп беруші банктен шет елдердегі банктерге жіберілген тікелей корреспонденттік есепшоттар бойынша төлемдер үшін - бенефициар банктің елінің коды; есеп беруші банктің шет елдердегі банктен алған тікелей корреспонденттік есепшоттар бойынша төлемдер үшін - ақша жіберуші банктің елінің коды, Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын төлемдер үшін - Қазақстан Республикасының коды - KZ қойылады.

4. Клиринг ұйымдарының және орталықтың клиринг жүйесі арқылы өткізілген төлемдер жөніндегі мәліметтерді толтыру тәртібі (бұдан әрі - клиринг жөніндегі мәліметтер):

клиринг ұйымдары және Орталық клиринг жөніндегі мәліметтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есепті кезеңнен кейінгі айдың 7-сіне дейін ай сайын, сондай-ақ Орталық - өткен операциялық күнгі мәліметті күн сайын беріп отырады;

клиринг жөніндегі мәліметтер Қазақстан Республикасының аумағында бөлшек төлемдер бойынша ақша ағынын көрсетуге арналған;

клиринг жөніндегі мәліметтер 13 бағаннан тұрады, оған төлем жөніндегі мынадай ақпарат кіреді:

1-баған - ақпарат алу көзі. Мұнда алынатын ақпарат көзі көрсетіледі және оған клиринг ұйымдарының мәліметтері бойынша 04 саны қойылады;

2-баған - алушы банктің банктік бірегейлендірілген коды (ББК), алушы банктің клиентінің жеке бірегейлендірілген коды (ЖБК). Егер төлем құжатында көрсетілген ББК және ЖБК бірге алғанда Орталықтың ААБЖ-ін жеке пайдаланушысымен бірегей болса, бағанда деректемелердің екеуі де көрсетіледі. Егер төлем құжатында көрсетілген ББК және ЖБК бірге алғанда Орталықтың ААБЖ-ін жеке пайдаланушысымен бірегей болмаса, бағанда тек қана ББК көрсетіледі;

3-баған - бенефициар банктің банктік бірегейлендірілген коды (ББК), бенефициар банктің клиентінің жеке бірегейлендірілген коды (ЖБК) 2-баған сияқты толтырылады;

4-баған - төлем белгісі. Бұл баған мынадай түрде толтырылады:

05 - банкаралық клирингтік төлемдер;

06 - шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы төлемдер.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер мен бюджеттік ұйымдар арасында банкаралық клирингте жүзеге асырылатын ақша аударымдары 05 - төлем белгісімен ғана көрсетіледі;

5-баған - ақша жіберушінің резиденттік белгісі;

6-баған - ақша жіберушінің экономика секторының коды;

7-баған - бенефициардың резиденттік белгісі;

8-баған - бенефициардың экономика секторының коды;

9-баған - төлем белгілеу коды;

10-баған - есепті кезеңдегі төлемдердің саны. Бастапқы кездегі мәні 0 болады. Бір төлемді көрсеткен кезде бағанның мәні 1 болады. 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9-бағандардағы бұрыннан бар өлшемдер жаңа төлеммен сәйкес келген жағдайда, осы бағандағы мәні 1-ге ұлғайтылады, ал 11-бағандағы мәні жаңа төлемнің сомасына ұлғайтылады;

11-баған - төлемнің сомасы мың теңгемен, үтірден кейін бір белгі;

12-баған - толтырылмайды;

13-баған - толтырылмайды.

5. "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" жабық акционерлік қоғамының Мәліметтерді толтыру тәртібі (бұдан әрі - Орталық депозитарийдің мәліметтері):

Орталық депозитарийдің мәліметтері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есепті кезеңнен кейінгі айдың 7-не дейін ай сайын ұсынылып отырады;

Орталық депозитарийдің мәліметтері Қазақстан Республикасының аумағында бағалы қағаздармен жүргізілетін барлық операциялар бойынша ақша ағынын көрсетуге арналған;

Орталық депозитарий мәліметтер жасаған кезде әрбір төлемді көрсеткен кезде мәміленің екі жағын да көрсетеді: бағалы қағаздарды сатып алушыны ақша жіберуші ретінде, бағалы қағаздарды сатушыны - бенефициар ретінде. Ақша жіберуші және бенефициар инвесторлар немесе бағалы қағаздармен өздері үшін операциялар жасайтын алғашқы дилер банктер болуы мүмкін;

Орталық депозитарийдің мәліметтері 13 бағаннан тұрады, оған төлем жөніндегі мынадай ақпарат кіреді:

1-баған - ақпарат алу көзі. Мұнда алынатын ақпарат көзі көрсетіледі және оған Орталықтың мәліметтері бойынша 04 саны қойылады;

2-баған - бағалы қағаздар үшін төлем жасалатын банктің ББК қойылады;

3-баған - бенефициар банктің ББК қойылады;

4-баған - төлем белгісі. Бұл баған мынадай түрде толтырылады:

07 - биржа рыногында жасалған мәміле бойынша төлем;

08 - биржадан тыс рынокта жасалған мәміле бойынша төлем;

5-баған - ақша жіберушінің резиденттік белгісі;

6-баған - ақша жіберушінің экономика секторының коды;

7-баған - бенефициардың резиденттік белгісі;

8-баған - бенефициардың экономика секторының коды;

9-баған - төлем белгілеу коды;

10-баған - есепті кезеңдегі төлемдер саны. Бастапқы кездегі мәні 0 болады.

Бір төлемді көрсеткен кезде бағанның мәні 1 болады. 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9-бағандардағы бұрыннан бар өлшемдер жаңа төлеммен сәйкес келген жағдайда, осы бағандағы мәні 1-ге ұлғайтылады, ал 11-бағандағы мәні жаңа төлемнің сомасына ұлғайтылады;

11-баған - төлемнің сомасы мың теңгемен, үтірден кейін бір белгі;

12-баған - толтырылмайды;

13-баған - толтырылмайды.";

8) Ережеге N 4 қосымша алынып тасталсын.

2. Осы қаулының 2002 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енетін 1-тармағының 1), 5), 7) және 8) тармақшаларынан басқасы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күндік мерзім өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

3. Ақпарат технологиясы департаменті (Молчанов С.Н.) 2002 жылғы 25 наурызға дейінгі мерзімде осы қаулының 1-тармағының 5) тармақшасында көзделген мәліметтерді өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді пысықтап, өндірістік пайдалануға берсін.

4. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және филиалдарына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне, "Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнына, "Мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталық" республикалық мемлекеттік

кәсіпорнына, екінші деңгейдегі банктерге, "Казпочта" ашық акционерлік қоғамына, "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" жабық акционерлік қоғамына және клиринг ұйымдарына жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жангелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрлігімен
2002 жылғы 22 ақпанда

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігімен
2002 жылғы 26 ақпанда

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігімен
2002 жылғы 21 ақпанда

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік
комитетімен
2002 жылғы 1 наурызда

Қазақстан Республикасының
Экономика және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және
сертификаттау жөніндегі комитетімен
2002 жылғы 4 наурызда

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.